

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы 8D111 - «Қызмет көрсету саласы» 8D11101 - Туризм мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағытындағы диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2025 жылғы 15 сәуір №495 бұйрығымен, ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындары жанындағы диссертациялық кеңестер тізіміне кіреді.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы Қазақ спорт және туризм академиясының Ғылыми кеңесімен бекітілді (05.06.2025 ж. №10.1 хаттамадан көшірме):

1. Кеңес төрағасы – Нурашева К.К., э.ғ.д., профессор (ЖАК). (08.00.04; 08.00.05).

2. Төраға орынбасары – Желдибаев А.Е., э.ғ.к. доцент (қауымдастырылған профессор) (08.00.21).

3. Кеңестің ғалым-хатшысы – Кадырбекова Д.С., PhD, философия докторы, (6D090200).

4. Диссертациялық кеңес мүшесі – Кулахметова Г.А., PhD, философия докторы, (6D090200).

1. Өткізілген отырыс саны – 4.

2025 жылы диссертациялық кеңестің 4 отырысы өтті, онда философия докторы (PhD) дәрежесін беруге бір диссертация алдын ала қаралды және қорғалды.

2. Диссертациялық кеңес отырысының жартысынан азына қатысқан мүшелердің Т.А.Ә., – жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте).

№	Т.А.Ә.	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	ҒЖБСҚК № шешімі, бұйрық күні
1.	Миниханова Светлана Викторовна	Қазақ спорт және туризм академиясы	8D11101– Туризм	12.06.2025	Беру, Бұйрық №2071 20.11.2025

4. Есепті жыл ішінде Кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 Миниханова Светлана Викторовнаның диссертациялық жұмысына қысқаша талдау

1) қаралған жұмыстың тақырыбын талдау

Миниханова Светлана Викторовна «Қазақстан Республикасында туристік өнімді ілгерілетудің инновациялық процестерін басқару» диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені ол әлемдік экономиканың серпінді дамуы және жаһандық туристік нарықта бәсекелестіктің күшеюі жағдайында туристік өнімді ілгерілетудің инновациялық тәсілдері ұлттық туристік индустрияның орнықты өсуін қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін түйінді мәнге ие болады. Едәуір табиғи және мәдени-тарихи әлеуетке ие Қазақстан Республикасы өзінің артықшылықтарын тиімді пайдалану және ішкі, сол сияқты сырттан келетін туристерді тарту үшін ілгерілету стратегияларын жаңғырту қажеттілігіне ие. Бұл тұрғыда Светлана Викторовна Миниханованың зерттеуінің теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені ол қазақстандық туристік өнімнің танымалдығы мен тартымдылығын арттыру үшін инновациялар мен цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығына, сондай-ақ цифрландыруды, тұтынушылық артықшылықтарды өзгертуді және орнықты даму қағидаттарын интеграциялау қажеттілігіне бағытталған.

2) Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған туристік саласын дамыту тұжырымдамасында, ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында, сондай-ақ елдің инновациялық дамуына бағытталған басқа да стратегиялық және нормативтік құжаттарда көрсетілген туристік саланы дамыту, экономиканы цифрландыру және білім беру жүйесін жетілдіру басымдықтарын іске асыруға сәйкес келеді.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері қолданбалы сипатқа ие және ТРИЗ қолданумен жұмыс істеп тұрған туркомпанияның базасында туристік өнімдерді ілгерілету саласында студенттерді практикалық-бағдарланған оқыту болып табылады. Зерттеу жұмысының маңыздылығы ұсынылған модельдер, әдістемелер мен ұсынымдар қазақстандық туризмді ілгерілетудегі инновацияларды басқаруды ғылыми негіздеуге және практикалық жетілдіруге ықпал ететіндігімен айқындалады, бұл саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның орнықты дамуы үшін маңызды болып табылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмыстарын талдау.

Диссертациялық жұмыстың ресми рецензенттері диссертациялық кеңестің отырыстарында бекітілді. Рецензенттер ретінде туризмді дамытуға елеулі үлес қосқан, докторанттарды зерттеу тақырыбында кемінде бес ғылыми жарияланым бар жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттердің мамандығы докторанттардың мамандығына толық сәйкес келді.

Рецензенттерді бекіту кезінде кеңес олардың тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алды.

Докторанттардың диссертацияларын және жарияланған ғылыми жұмыстарын талдау негізінде рецензенттер Комитет талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша пікірлерді ұсынды. Аталған пікірлерде зерттеу тақырыбының ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі, ғылыми қоғамдастық үшін жұмыстың маңыздылығы, автордың дербестік дәрежесі, ішкі бірлігі, ғылыми жаңалығы, жұмыстың шынайылығы мен практикалық құндылығы бағаланды. Бұдан басқа, пікірлерде қорытындылардың негізділігін, сондай-ақ диссертацияның жазылу және ресімделу сапасын бағалау қамтылды. Барлық рецензенттер 8D111 Туризм білім беру бағдарламасы бойынша «Қызмет көрсету саласы» 8D11101- философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы ортақ пікірге келді. Ұсынылған пікірлер жоғары кәсіби деңгейде орындалды және белгіленген стандарттарға сәйкес келді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Қызмет көрсету және туризм саласындағы ғылыми-педагогикалық кадрлар тапшылығы жағдайында туризмнің білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу үшін жыл сайын бөлінетін мемлекеттік гранттар санын ұлғайту талап етіледі.

7. 8D11101 кадрларды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар – 1.
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар – жоқ.
- 3) рецензенттердің теріс пікірлерін алған диссертациялар – жоқ.
- 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім шығарылған диссертациялар – жоқ.
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар – жоқ.
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар – жоқ.

**Диссертациялық кеңестің
төрағасы,
э.ғ.д., профессор (ЖАК)**



Нурашева К.К.

**Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы
PhD, философия докторы**



Кадырбекова Д.С.

15 қаңтар 2026 ж.